



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

10 декабря 2021 г.

НҰР-СҰЛТАН қаласы

№ 584

город НУР-СҰЛТАН

Об утверждении
Методического руководства по
внедрению принципов
академической честности в
организациях высшего и (или)
послевузовского образования

В соответствии с пунктом 22 Плана мероприятий на 2021 – 2023 годы по реализации Антикоррупционной стратегии Республики Казахстан на 2015 – 2025 годы, утвержденного Постановлением Правительства Республики Казахстан от 24 августа 2021 года №576 и подпунктом 4) пункта 21 Положения о Министерстве образования и науки Республики Казахстан, утвержденного постановлением Правительства Республики Казахстан от 28 октября 2004 года № 1111, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемое Методическое руководство по внедрению принципов академической честности в организациях высшего и (или) послевузовского образования согласно приложению к настоящему приказу

2. Департаменту высшего и послевузовского образования Министерства образования и науки Республики Казахстан (Тойбаев А.Ж.) довести настоящий приказ до сведения заинтересованных государственных органов и организаций высшего и (или) послевузовского образования независимо от форм собственности и ведомственной подчиненности.

3. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на вице-министра образования и науки Республики Казахстан Ергалиева К.А.

4. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания.

Исполняющий обязанности
Министра



Ш. Каримова



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2021 ж. 10 желтоқсан

НҰР-СҰЛТАН қаласы

№ 587

город НУР-СУЛТАН

Жоғары және (немесе)
жоғары оқу орнынан кейінгі
білім беру ұйымдарында
академиялық адалдық
қағидаттарын енгізу
жөніндегі әдістемелік
нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 24 тамыздағы №576 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі 2021 – 2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының 22-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі туралы ереженің 21-тармағының 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында академиялық адалдық қағидаттарын енгізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулық осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Ә. Ж. Тойбаев) осы бұйрықты меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мүдделі мемлекеттік органдар мен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Қ.А. Ерғалиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің
міндетін атқарушы



Ш. Каримова

Утверждено
приказом, исполняющего обязанности
Министра образования и науки
Республики Казахстан
от 10 декабря 2021 года
№ 587

Методическое руководство по внедрению принципов академической честности в организациях высшего и (или) послевузовского образования

Глава 1. Общие положения

1. Методическое руководство по внедрению принципов академической честности в организациях высшего и (или) послевузовского образования (далее – Методическое руководство) разработаны в соответствии с законами Республики Казахстан «Об образовании» и «О науке», Антикоррупционным стандартом по обеспечению открытости и прозрачности в организациях высшего и (или) послевузовского образования, утвержденным приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 04 мая 2020 года №174 в целях формирования системы добропорядочности и антикоррупционной культуры в организациях образования, реализующие образовательные программы высшего и (или) послевузовского образования (далее-ОВПО).

2. Настоящее Методическое руководство носит рекомендательный характер.

3. Основными принципами академической честности являются:

1) добросовестность – честное, порядочное выполнение обучающимися оцениваемых и неоцениваемых видов учебных работ;

2) осуществление охраны прав автора и его правопреемников - признание авторства и охраны произведений, являющихся объектом авторского права, посредством правильной передачи чужой речи, мыслей и указания источников информации в оцениваемых работах;

3) открытость – прозрачность, взаимное доверие, открытый обмен информацией и идеями между обучающимися и преподавателями,

4) уважение прав и свобод обучающихся - право свободного выражения мнений и идей;

5) равенство – каждый обучающийся обеспечивает соблюдение правил академической честности и равную ответственность за их нарушение.

4. Настоящим Методическим руководством следующие проступки признаются академической недобропорядочностью (нечестности):

1) плагиат – умышленное или неосторожное, полное или частичное незаконное использование, присвоение или распоряжение охраняемыми результатами чужого труда, результатов академической, научной, исследовательской, публицистической и аналитической деятельности,

которое сопровождается доведением до других лиц ложных сведений о себе как о действительном авторе;

2) списывание – недобросовестное поведение обучающегося или работника подразумевающее копирование чужого интеллектуального продукта;

3) дублирование – презентация одной и той же работы в рамках разного оценивания и требований, включая попытку предоставления ее как своей собственной, частично, либо полностью, любой работы, которая была ранее оценена на другом курсе без предварительного разрешения ППС, даже в том случае, если обучающийся является ее автором;

4) фальсификация – подделывание академических записей или других документов; данных (наблюдений при научном эксперименте, подделка записи, результатов опроса); подписи в академической работе; намеренное подделывание или порча академической работы;

5) сокрытие – замалчивание и утаивание информации о недобросовестном представлении в академическом продукте фиктивных сведений; подмена данных и результатов исследований и экспериментов; представление ложной информации, полученной в ходе исследования;

6) сговор – взаимная договоренность между субъектами образовательного процесса о выполнении любой академической работы, подлежащей проверке и оцениванию за другого обучающегося.

5. ОВПО создает орган, уполномоченный рассматривать факты нарушения академической честности (дисциплинарный комитет, комитет по этике и другие) и утверждает его положение, предусматривающее в том числе его компетенцию, а также обязанность по информированию студентов об их праве решения апелляционных споров по оценкам, выставленным не по заявленным критериям оценивания, по проведению анализа оценок обучающихся по следующим критериям: высокое значение медианы, высокое значение стандартного (среднеквадратичного) отклонения, высокая величина дисперсии количества отдельных оценок от нормального распределения с механизмом их выявления и устранения, что говорит о работе этих процедур в ОВПО и мониторингу соблюдения критериев оценки результатов обучения студентов на основе принципов академической честности (анализ силлабусов на наличие раздела «Критерии оценивания» с указанием всех параметров оценивания, мониторинг частоты использования ОВПО всего диапазона имеющихся оценок от 0 % до 100 %, по разработке внутренних документов, регламентирующих ответственность за академическую нечестность.

Глава 2. Организация внедрения принципов академической честности в учебном процессе с применением инструментов Лиги академической честности

6. В рамках осуществления учебного процесса на основе принципов академической честности ОВПО рекомендуется использовать:

1) процедуру свободной персональной регистрации обучающихся с возможностью краткого ознакомления с курсом при соответствии требованиям ОВПО по заполняемости курса;

2) процедуру прокторинга и цитирования работ;

3) процедуру ознакомления с силлабусом дисциплины и указываемых академических и неакадемических требований курса;

4) критерии формативного и суммативного оценивания, сценивания промежуточных и итоговых контролей, прописанных в силлабусе курса и заранее представленных студенту. Возможность студента оспаривания критериев оценивания, которые были использованы без предварительного ознакомления студента;

5) электронную процедуру приема и регистрации студентов;

6) возможность индивидуального выбора дисциплины, расписания и преподавателя при соблюдении требований ОВПО по количеству регистрируемых студентов;

7) табулированные процедуры и механизмы перезачета кредитов по предъявлению студентом верифицированных транскриптов других ОВПО, средних и средне-профессиональных учебных заведений, сертификатов МООС из списка рекомендуемых ОВПО;

8) образовательную поддержку обучающихся, проявляющих более глубокий интерес к учебе или науке и, наоборот, имеющих академические затруднения или низкую мотивацию, включая поддержку лиц с особыми образовательными потребностями;

9) механизмы оказания социальной и психологической поддержки обучающимся, помощь в организации производственной практики и поиске работы, поддержание баланса между учебой, работой и личной жизнью студентов;

10) организацию доступа студентов к учебным материалам, инфраструктуре, документам, затрагивающим академическую и неакадемическую жизнь студента;

11) логическую последовательность дисциплин и отражение лучших мировых практик в учебных планах и программах обучения с учетом баланса базовых знаний высшей школы, развивающих ключевые компетенции, интеллектуальные и академические навыки, отражающих изменяющиеся требования общества, а также объем свободы выбора дисциплин;

12) наличие в образовательных программах компонентов для подготовки к профессиональной деятельности, с учетом механизма взаимодействия с корпоративным и/или индустриальным секторами;

13) процедуры и механизмы записи учебных результатов, академических и неакадемических поощрений и взысканий в транскрипте студентов;

14) включение модуля «Основы антикоррупционной культуры» в перечень образовательных программ;

15) создание и трансляция видео-лекций «Час добропорядочности» в рамках формирования антикоррупционной культуры среди студентов;

16) актуализация перечня тем выпускных работ студентов антикоррупционной тематикой с учетом специфики их специальностей;

17) организация деятельности студенческих клубов «Саналы ұрпақ».

7. В целях профилактики недостатков в ходе проведения контроля успеваемости обучающихся ОВПО рекомендуется осуществлять:

1) своевременное выставление в электронном журнале пропусков и текущих сценок;

2) выборочный анализ используемой ОВПО информационной системы с целью выявления фактов внесения/изменения оценок, удаления/добавления пропусков вне рамок установленной процедуры;

3) процедуры проверки и оценки качества преподавания по каждой дисциплине на ежесеместровой основе;

4) выборочный анализ успеваемости конкретного студента по разным дисциплинам с целью выявления существенных отклонений;

5) разработку внутренних документов, регламентирующих процедуру разработки экзаменационных материалов и проведения экзаменов;

6) анализ эффективности применяемых форм оценки достижений обучающихся;

7) выборочное изучение письменных экзаменационных работ (наличие шифров либо открытая проверка);

8) выборочную проверку протоколов апелляции;

9) анализ результатов оценки индекса удовлетворенности студентов;

10) процедуру информационной защиты средств разработки тестов, конфиденциальность и автономность условий их составления, хранения, передачи;

11) перечень административных прав управления системой тестирования, механизм формирования итоговых ведомостей, трансфер оценок в транскрипт, автономность и защищенность программного обеспечения;

12) аудио-, видео-фиксацию процедуры государственной итоговой аттестации;

13) шифрование и объективную проверку экзаменационных работ обучающихся;

14) анализ результатов итоговой аттестации и текущей успеваемости конкретных студентов на предмет выявления резких расхождений и их обоснованности;

15) анализ результатов анкетирования обучающихся на предмет организации итоговой аттестации (поборы, приобретение подарков и пр.);

16) опрос сторонних членов аттестационной комиссии с целью определения соблюдения установленной процедуры;

17) мониторинг состояния академической честности в ОВПО посредством проведения социологического опроса среди студентов и профессорско-преподавательского состава на предмет определения уровня коррупции в учебном заведении (при наличии - силами антикоррупционной комплаенс службы).

8. В целях профилактики использования наемных работников для выполнения академических работ ОВПО рекомендуется осуществлять:

1) подготовку отчетов о проверке академических работ на плагиат (их отсутствие является коррупциогенным фактором);

2) проверку отдельных студенческих работ (слепая выборка с одновременной проверкой их на плагиат;

3) проверку аккаунта ОВПО в социальных сетях на предмет выявления наемных исполнителей и посредников;

4) анализ результатов анкетирования студентов по данному вопросу.

9. В целях недопущения фальсификации академических документов ОВПО рекомендуется:

1) выработка приказа о зачислении, переводе и выпуске студентов в сопоставлении с выданными справками и транскриптами;

2) ведение учета итоговых оценок (экзаменационные ведомости) в сопоставлении с транскриптами конкретных студентов (слепая выборка).

10. В целях соблюдения принципов академической честности при освоении грантов на научные исследования ОВПО рекомендуется:

1) вести проверку выполненных исследований на плагиат;

2) осуществлять выборочный анализ научной состоятельности изданий, в которых опубликованы научные исследования;

3) обеспечить сопоставление ценности достигнутых результатов с суммой выделенного финансирования.

11. В целях соблюдения принципов академической честности при найме и продвижении сотрудников ОВПО рекомендуется:

1) выработка приказов о приеме на работу, переводе/назначении сотрудников на новые должности в соответствии с квалификационными требованиями и критериями отбора кандидатов;

2) использование механизмов конкурсного, конкурентного отбора профессорско-преподавательского состава, и контроль за транспарентностью процедур;

3) разработка правил оценки деятельности работников ОВПО и их вознаграждение (система KPI);

4) информирование сотрудников об имеющихся вакансиях (изучение сайта ОВПО, иных систем оповещения).

12. В целях соблюдения принципов академической честности при приеме абитуриентов ОВПО рекомендуется осуществлять:

1) проверку личных дел абитуриентов на предмет наличия несбходимых сертификатов, их соответствия дате подачи документов и минимальному пороговому баллу для поступления;

2) проверку заявлений абитуриентов о зачислении в ОВПО на предмет соответствия даты подачи установленному периоду приема абитуриентов;

3) подготовку приказа о зачислении в ОВПО (соблюдение установленных сроков и процедуры зачисления в состав обучающихся).

13. В целях соблюдения принципов академической честности при распределении вакантных образовательных грантов ОВПО рекомендуется:

1) своевременное уведомление абитуриентов о наличии вакантных образовательных грантов на сайте ОВПО и иных каналах связи с обучающимися (социальные сети, мессенджеры, информационные системы и т.д.);

2) установление разумного срока предоставления необходимых документов, достаточного для сбора полного пакета;

3) выработка протоколов решений коллегиальных органов ОВПО и документов изъявивших желание кандидатов;

4) проведение анкетирования студентов о степени их информированности о наличии вакантных грантов и доступности участия в конкурсе;

5) внедрение и подтверждение соответствия ВУЗа антикоррупционному стандарту ISO 37001 или СТ РК 3049.

14. В целях выдерживания принципов академической честности при распределении мест в общежитии ОВПО рекомендуется:

1) своевременное размещение объявления о наличии мест в общежитии на сайте ОВПО и иных каналах связи с обучающимися (социальные сети, мессенджеры, информационные системы и т.д.);

2) выработка документов, закрепляющих решение о предоставлении мест в общежитии конкретным студентам (приказы, протоколы заседания соответствующего коллегиального органа);

3) ведение списков, обучающихся и сотрудников, проживающих в общежитии в сопоставлении с приказами и протоколами о представлении места (имеются ли лица, заселенные в обход утвержденной процедуры).

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушы
2021 жылғы *10 желтоқсан*
№ *587* бұйрығына қосымша

**Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
ұйымдарында академиялық адалдық қағидаттарын енгізу жөніндегі
әдістемелік нұсқаулық**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) академиялық адалдық қағидаттарын енгізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулық (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулық) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында парасаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет жүйесін қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» және «Ғылым туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 04 мамырдағы №174 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы ашықтықты және айқындықты қамтамасыз ету жөніндегі жемқорлыққа қарсы стандартқа сәйкес әзірленді.

2. Осы Әдістемелік нұсқаулық ұсынымдық сипатқа ие.

3. Академиялық адалдықтың негізгі қағидаттары:

- 1) адалдық – білім алушылардың оқу жұмысының бағаланатын және бағаланбайтын түрлерін адал, әдепті орындауы;
 - 2) автордың және оның құқықтық мирасқорларының құқықтарын қорғауды жүзеге асыру – бағаланатын жұмыстарда басқаның сөзін, ойын дұрыс беру және ақпарат көздерін көрсету арқылы авторлық құқық объектісі болып табылатын туындылардың авторлығын және қорғалуын тану;
 - 3) ашықтық – айқындық, өзара сенім білдіру, білім алышулар мен оқытушылар арасында ақпаратпен және идеялармен ашық бөлісу;
 - 4) білім алушылардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу – пікірлер мен идеялардың еркін айтылу құқығы;
 - 5) теңдік – әрбір білім алушы академиялық адалдық қағидаларының сақталуын және оларды бұзғаны үшін тең жауапкершілікті қамтамасыз етеді.
4. Осы Әдістемелік нұсқаулықпен мынадай теріс қылықтар академиялық ретсіз (адал емес) деп танылады:

- 1) плагиат – басқаның еңбегінің, академиялық, ғылыми, зерттеу, публицистикалық және талдау қызметінің нәтижелерін қасақана немесе абайсызда, толық немесе ішінара заңсыз пайдалану, иемдену немесе

қорғалатын нәтижелерімен иелік ету, ол басқа адамдарға нағыз автор ретінде өзі туралы жалған мәліметтерді жеткізумен сүйемелденеді;

2) өзін өзі плагиат жасау – студент бұрын тапсырған жұмыстың толығымен немесе бөлімін жаңа жұмыс ретінде қайта тапсыруы. Авторлық плагиатқа студенттің мақалалары, жарияланымдары, бағдарламалық жасақтамаларды тиісті сілтеме жасамай қолдануы да кіреді;

3) топтық жұмысты иемдену – екі немесе одан да көп студентпен орындалған топтық жұмысты толық немесе ішінара жеке жұмысы ретінде тапсыруы (қорғауға ұсыну);

4) көшіру – білім алушының немесе қызметкердің өзгенің зияткерлік өнімін көшіруді білдіретін теріс пиғылды мінез-құлқы;

5) қайталау – егер білім алушы оның авторы болып табылса да, ПОҚ-ның алдын ала рұқсатынсыз басқа курста бұрын бағаланған кез келген жұмысты өзінің жеке, ішінара немесе толық жұмысы ретінде ұсыну әрекетін қоса алғанда, әртүрлі бағалау және талаптар шеңберіндегі бір жұмысты таныстыру;

6) бұрмалау – академиялық жазбаларды немесе басқа да құжаттарды; деректерді (ғылыми эксперимент кезіндегі бақылауларды, жазбаларды, сауалнама нәтижелерін қолдан жасауды); академиялық жұмыстағы қолдарды; академиялық жұмысты әдейі қолдан жасау немесе бүлдіру;

7) жасыру – академиялық өнімде жалған мәліметтер беру; зерттеулер мен эксперименттердің деректері мен нәтижелерін ауыстыру; зерттеу барысында алынған жалған ақпарат беру;

8) сөз байласу – басқа білім алушы үшін тексеруге және бағалауға жататын кез келген академиялық жұмысты орындау.

5. ЖЖОКБҰ академиялық адалдықты бұзу фактілерін қарауға уәкілетті органды (тәртіптік комитет, әдеп жөніндегі комитет және басқалар) құрады және оның ережесін, оның ішінде өзінің құзыретін, сондай-ақ мәлімделген бағалау өлшемшарттарынсыз қойылған бағалар бойынша, білім алушылардың мынадай өлшемшарттар бойынша бағаларына талдау жүргізу бойынша апелляциялық дауларды шешу құқығы туралы студенттерді хабардар ету міндетін бекітеді: медиананың жоғары мәні, стандартты (орташа квадраттық) ауытқудың жоғары мәні, сондай-ақ, оларды анықтау және жою тетігі бар қалыпты бөлуден жекелеген бағалар санының дисперсиясының жоғары шамасы, бұл ЖЖОКБҰ-дағы осы рәсімдердің жұмысы туралы және академиялық адалдық қағидаттары негізінде студенттердің оқу нәтижелерін бағалау критерийлерін сақтау мониторингі туралы (бағалаудың барлық параметрлерін көрсете отырып, «Бағалау өлшемшарттары» бөлімінің болуына силлабустарды талдау, академиялық адалдық үшін жауапкершілікті регламенттейтін ішкі құжаттарды әзірлеу бойынша 0%-дан 100%-ға дейінгі қолда бар бағалардың барлық диапазонында ЖЖОКБҰ-ны пайдалану жиілігінің мониторингі).

2-тарау. Академиялық адалдық лигасының құралдарын қолдана отырып, оқу процесіне академиялық адалдық қағидаттарын енгізуді ұйымдастыру

6. Академиялық адалдық қағидаттары негізінде оқу процесін жүзеге асыру шеңберінде ЖЖОКБҰ-ға мыналарды пайдалану ұсынылады:

- 1) ЖЖОКБҰ-ның курстың толтырылуы бойынша талаптарына сәйкес келген жағдайда курспен қысқаша танысу мүмкіндігімен білім алушыларды еркін дербес тіркеу рәсімі;
- 2) жұмыстардың прокторинг және дәйексөз рәсімі;
- 3) пәннің силлабусымен және курстың көрсетілген академиялық және академиялық емес талаптарымен танысу рәсімі;
- 4) курстың силлабусында жазылған және студентке алдын ала ұсынылған аралық және қорытынды бақылауларды бағалаудың өлшемшарттары. Студенттің алдын ала танысусыз қолданылған бағалау өлшемдерін даулау мүмкіндігі;
- 5) студенттерді қабылдау мен тіркеудің электрондық рәсімі;
- 6) ЖЖОКБҰ-ның тіркелген студенттер саны бойынша талаптарын сақтай отырып, пәнді, кестені және оқытушыны жеке таңдау мүмкіндігі;
- 7) студенттің басқа ЖЖОКБҰ-ның, орта және кәсіптік орта оқу орындарының верификацияланған транскриптерін, ЖЖОКБҰ ұсынған тізімінен ЖАОК (жаппай ашық онлайн курстар) сертификаттарын ұсынуы бойынша кредиттерді қайта тапсырудың кестелік рәсімдері мен тетіктері;
- 8) оқуға немесе ғылымға неғұрлым терең қызығушылық танытатын және, керісінше, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды қолдауды кәсіп алғанда, академиялық қиындықтары бар немесе уәждемесі төмен білім алушыларға білім беруде қолдау көрсету;
- 9) білім алушыларға әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсету тетіктері, өндірістік практиканы ұйымдастыруға және жұмысқа орналастыруға ықпал ету;
- 10) студенттердің оқу материалдарына, инфрақұрылымға, студенттің академиялық және академиялық емес өміріне әсер ететін құжаттарға қол жеткізуін ұйымдастыру;
- 11) пәндердің логикалық бірізділігі және түйінді құзыреттерді, зияткерлік және академиялық дағдыларды дамытатын, қоғамның өзгеретін талаптарын көрсететін жоғары мектептің базалық білімдерінің теңгерімін, сондай-ақ пәндерді таңдау еркіндігінің көлемін ескере отырып, оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларындағы үздік әлемдік практикалардың көрінісі;
- 12) корпоративтік және/немесе индустриялық секторлармен өзара іс-қимыл тетігін ескере отырып, білім беру бағдарламаларында кәсіби қызметке дайындалу үшін компоненттердің болуы;
- 13) студенттердің транскриптіңде оқу нәтижелерін, академиялық және академиялық емес көтермелеулер мен жазаларды жазу рәсімдері мен тетіктері;

14) білім беру бағдарламаларының тізбесіне «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» модулін енгізу;

15) студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру шеңберінде «Парасаттылық сағаты» бейне-дәрістерін жасау және трансляциялау;

16) даярлау бағытын ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы студенттердің бітіру жұмыстары тақырыптарының тізбесін өзектендіру;

17) «Сағалы ұрпак» студенттік клубтарының қызметін ұйымдастыру.

7. ЖЖОКБҰ-да білім алушылардың үлгеріміне бақылау жүргізу барысында кемшіліктердің алдын алу мақсатында мыналарды жүзеге асыру ұсынылады:

1) электрондық журналға «рұқсаттамалар» мен ағымдағы бағаларды уақытылы қою;

2) белгіленген рәсім шеңберінен тыс бағаларды енгізу/өзгерту, «рұқсаттамаларды» алып тастау/қосу фактілерін анықтау мақсатында ЖЖОКБҰ пайдаланатын ақпараттық жүйені іріктеп талдау;

3) әрбір пән бойынша әр семестр сайын оқыту сапасын тексеру және бағалау рәсімдері;

4) елеулі ауытқуларды анықтау мақсатында әртүрлі пәндер бойынша нақты студенттің үлгерімін іріктеп талдау;

5) емтихан материалдарын әзірлеу және емтихандар өткізу рәсімдерін регламенттейтін ішкі құжаттарды әзірлеу;

6) білім алушылардың жетістіктерін бағалаудың қолданылатын нысандар тиімділігін талдау;

7) жазбаша емтихан жұмыстарын іріктеп зерделеу (шифрлардың болуы немесе ашық тексеру);

8) апелляция хаттамаларын іріктеп тексеру;

9) студенттерге сауалнама жүргізу нәтижелерін талдау;

10) тестілерді әзірлеу құралдарын ақпараттық қорғау рәсімі, оларды жасау, сақтау, беру шарттарының құпиялылығы мен дербестігі;

11) тестілеу жүйесін басқарудың әкімшілік құқықтарының тізбесі, қорытынды ведомостарды қалыптастыру тетігі, транскриптке бағалар трансфері, бағдарламалық қамтамасыз етудің дербестігі мен қорғалуы;

12) мемлекеттік қорытынды аттестаттау рәсімін аудио, бейне-тіркеу;

13) білім алушылардың емтихан жұмыстарын шифрлау және объективті тексеру;

14) қорытынды аттестаттау нәтижелерін және нақты студенттердің ағымдағы үлгерімін сәйкессіздіктерді және олардың негізділігін анықтау тұрғысынан талдау;

15) білім алушыларға қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру бойынша жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдау (ақша жинау, сыйлықтар алу және т. б.);

16) белгіленген рәсімнің сақталуын айқындау мақсатында аттестаттау комиссиясының бөгде мүшелерінен пікірлер алу;

17) оқу орнындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін анықтау мәніне студенттер мен профессорлық-оқытушылық құрам арасында әлеуметтік сауалнама жүргізу арқылы ЖЖОКБҰ-дағы академиялық адалдық жағдайына мониторинг жүргізу (бар болған жағдайда – сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің күшімен).

8. ЖЖОКБҰ-ның академиялық жұмыстарын орындау үшін жалдамалы қызметкерлерді пайдаланудың алдын алу мақсатында мыналарды жүзеге асыру ұсынылады:

1) академиялық жұмыстарды плагиатқа тексеру туралы есептерді дайындау (олардың болмауы сыбайлас жемқорлық факторы болып табылады);

2) жеке студенттік жұмыстарды (көрмей іріктеу) плагиатқа бір уақытта тексере отырып қадағалау;

3) әлеуметтік желілердегі ЖЖОКБҰ аккаунтын жалдамалы орындаушылар мен делдалдарды анықтау үшін тексеру;

4) осы мәселе бойынша студенттерге сауалнама жүргізіп, нәтижелерін талдау.

9. ЖЖОКБҰ-ның академиялық құжаттарының бұрмалануына жол бермеу мақсатында мыналар ұсынылады:

1) берілген анықтамалармен және транскриптермен салыстыра отырып, студенттерді қабылдау, ауыстыру және шығару туралы бұйрықтарды әзірлеу;

2) нақты студенттердің транскриптерімен салыстырып, қорытынды бағалардың есебін (емтихан ведомостары) жүргізу (көрмей іріктеу).

10. Ғылыми зерттеулерге арналған гранттарды игеру кезінде академиялық адалдық қағидаттарын сақтау мақсатында ЖЖОКБҰ-ға мыналарды жүзеге асыру ұсынылады:

1) орындалған зерттеулерді плагиатқа тексеру;

2) ғылыми зерттеулер жарияланған басылымдардың ғылыми әл-ауқатын ішінара талдау;

3) қол жеткізілген нәтижелердің құндылығын бөлінген қаржыландыру сомасымен салыстыру.

11. ЖЖОКБҰ қызметкерлерін жалдау және жоғарылату кезінде академиялық адалдық қағидаттарын сақтау мақсатында мыналар ұсынылады:

1) біліктілік талаптары мен үміткерлерді іріктеу өлшемдеріне сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, жаңа лауазымдарға ауыстыру/тағайындау туралы бұйрықтар әзірлеу;

2) профессорлық-оқытушылық құрамды конкурстық, бәсекелі іріктеудің рәсімдері мен тетіктері және рәсімдердің транспаренттілігін бақылау;

3) ЖЖОКБҰ қызметкерлерінің қызметің бағалау қағидаларын әзірлеу және оларға сыйақы беру (КРІ жүйесі);

4) қызметкерлерді бос жұмыс орындары туралы хабардар ету (ЖЖОКБҰ сайты, басқа да хабарлау жүйелерін зерделеу).

12. ЖЖОКБҰ талапкерлерін қабылдау кезінде академиялық адалдық қағидаттарын сақтау мақсатында келесі іс-шараларды жүзеге асыру ұсынылады:

1) талапкерлердің жеке іс парақтарын қажетті сертификаттардың бар-жоғын, олардың құжаттарды тапсыру күніне және оқуға түсу үшін ең төменгі шекті баллға сәйкестігін тексеру;

2) ЖЖОКБҰ-ға қабылдау туралы талапкерлердің өтініштерін беру күнінің талапкерлерді қабылдаудың белгіленген кезеңіне сәйкестігін тексеру;

3) ЖЖОКБҰ-ға қабылдау туралы бұйрықты дайындау (білім алушылар құрамына қабылдаудың белгіленген мерзімдерін және рәсімін сақтау).

13. ЖЖОКБҰ-ның бос білім беру гранттарын бөлу кезінде академиялық адалдық қағидаттарын сақтау мақсатында мыналар ұсынылады:

1) ЖЖОКБҰ сайтында және білім алушылармен басқа да байланыс арналарында (әлеуметтік желілер, мессенджерлер, ақпараттық жүйелер және т. б.) бос білім беру гранттарының бар екендігі туралы талапкерлерді уақытылы хабардар ету;

2) толық пакетті жинауға жеткілікті қажетті құжаттарды ұсынудың қисынды мерзімін белгілеу;

3) ЖЖОКБҰ алқалы органдары шешімдерінің хаттамаларын және тілек білдірген кандидаттардың құжаттарын әзірлеу;

4) бос гранттардың болуы және конкурсқа қатысуға қолжетімділігі туралы студенттердің хабардар болу дәрежесі туралы сауалнама жүргізу;

5) ЖЖОКБҰ-ның ISO 37001 немесе ҚР СТ 3049 сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартына сәйкестігін енгізу және растау.

14. ЖЖОКБҰ жатақханасында орын бөлу кезінде академиялық адалдық қағидаттарын ұстану ұсынылады:

1) ЖЖОКБҰ сайтында және білім алушылармен байланыс арналарында (әлеуметтік желілер, мессенджерлер, ақпараттық жүйелер және т. б.) жатақханада бар орындар туралы хабарландыруды уақытылы орналастыру;

2) нақты студенттерге жатақханадан орын беру туралы шешімді бекітетін құжаттарды әзірлеу (бұйрықтар, тиісті алқалы орган отырысының хаттамалары);

3) жатақханада орын беру туралы бұйрықтармен және хаттамалармен салыстырған кезде (бекітілген рәсімді айналып өткен адамдар бар ма) тұратын білім алушылар мен қызметкерлердің нақты тізімдерін жүргізу.